

Қазақстан Республикасының тұрақты даму жағдайындағы экологиялық туризмнің рөлі

Кенжина К.Д.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Успешное развитие экологического туризма в Казахстане будет способствовать успешному развитию всего природоохозяйственного комплекса республики, а также достижению главной социально-экономической цели страны — обеспечению населения благоприятными условиями окружающей среды для здорового образа жизни и устойчивого развития общества. Экотуризм обеспечит соблюдение определенных стандартов, а также поможет избежать возможности нанесения ущерба, особенно культуре коренного населения.

Ekoturizm promotes guard of the nature and cultures, social and economic development The Successful development of the ecological tourism in Kazakhstan will promote the successful development whole nature-economic complex of the republic, as well as achievement main social-economic purpose of the country — an ensuring the population by happy circumstances surrounding ambiances for sound lifestyle and firm development society. Ekoturizm will enforce the certain standard, as well as avoid the possibility of the damaging, particularly culture of the scolded population.

Адамзат қоғамының дамуы барысында туризм саласын дамыту өзекті мәселелердің бірі болғаны даусыз, бірақ бүгінгі даму қарқынында бұл мәселені шешу аса жіті көрегендікті, әрі келешектегі пайдасы мен зиянын саралай білуді қажет етеді. Жыл өткен сайын туристік көші-қон да, өндірістік салалар сияқты, қоршаған ортаға өзіндік кері әсерін тигізуде. Бұл әсер туристік шоғырлану нәтижесінде ландшафтың жойылуынан, демалыс орындарында қалдықтар мен қоқыстың шектен тыс жинақталуынан, әуендік аспаптар туғызатын шудан, көліктен т.б. көрініс табады. Экологиялық туризмді ескермей жаппай туризмді дамыту табиғат кешендерінің бұзылуына әкеліп соқты. Осындай көптеген зиянды әсерлердің болуы экологиялық туризмнің дамуының өзектілігін айқындайды.

Бүгінде экологиялық туризм жаңа әрі қарқынды дамып келе жатқан әлемдік туризм секторы болып табылады. Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі салаларының ішінде экологиялық туризмнің пайда болуы оның қоршаған ортамен гармонияда болуын және тұрақты табиғатты пайдалануға жетудің қажеттігін көздейді.

Жалпы бүгінде экологиялық туризм мен экологиялық турлардың келесі түрлері жақсы дамыған:

- *ғылыми туризм*. Экотурлар барысында туристер әр түрлі табиғатты зерттеулерге қатысады, далалық бақылау жұмыстарын жүргізеді. Осы тұрғыда тиімді жақтарын айта кетсе де болғандай. Мысалы, Қарқаралы табиғи ұлттық паркінде ұйымдастырылатын экотурлар бойынша орнитологиялық бақылаулар нәтижелері бүгінгі күні осы өңір құстарының алуан түрлілігін толықтыруды қажет етеді;
- *табиғи-тарихи турлар*. Бұл саяхаттар жергілікті жерлердің табиғатымен бірге, сол аймақтың мәдени-тарихи ерекшеліктеріне үңілуге мүмкіндіктер береді. Туризмнің осы түрі оқу, ғылымтанымал және тақырыптық экскурсияларды біріктіретін жиынтық және ол арнайы жабдықталған экологиялық жолдар арқылы жүргізіледі. Жергілікті тұрғыда қарастырылса, ұланғайыр Сарыарқаның жекелеген аймақтарына терең ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттіліктерін қамтамасыз етеді;
- *белсенді саяхаттарды біріктіретін турлар* (альпинистік, тауға өрлеу, мұздықтарға жету, жаяу, шаңғымен, атпен жүру түрлері т.б.). Саяхаттардың осы түрі туристердің белсенділіктерін арттырып, көлік түрлерін пайдаланбауға машықтайды;
- *ЕҚТА* (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар), *табиғи резерваттарға саяхат*. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы табиғи нысандар мен құбылыстардың жоғары аттрактивтілігі, бірегейлігі мен экзотикалығы туристердің көптеп келуіне ықпал етеді. Ал ол өз кезегінде осы аумақтарға туристік салмақ түсірмек.

Қазіргі жағдайда, яғни, Қазақстан Республикасы жоғары сапалы туризм индустриясын құру міндеттерін шешу барысында экологиялық туризм сұрақтары аса өзекті болып қалуда. Экотуризм табиғат пен мәдениетті қорғауға, әлеуметтік және экономикалық дамуға ықпал етеді. Бұл сала табиғи ортаны сол қалпында сақтай отырып, белгілі бір көлемде табыс табу мақсатын көздейді [1].

Бүгінгі экотуризм келесі мақсаттарды көздеуі тиіс:

- табиғатты сақтау мен оны қорғауға көмектесуі тиіс, бұл бірнеше әдістермен жүзеге асырылады; мысалы, турдан түскен түсімнің белгілі бір пайызын саяхат өткен нысанға бөліп тұру;
- жұмыс орындарын құрып, жергілікті халықтың табысын өсіру; ол сол елді мекен халқы гидтер және т.б. ретінде жұмысқа тарту (қызмет көрсетуді: туртоптардың сол аймақта (жергілікті кафеде) тамақтануын, жергілікті үйлерді жалға беру т.с.с. ұйымдастыру) есебінен атқарылады;
- жергілікті жердің мәдениетін насихаттау: халық шығармашылығымен таныстыру, жергілікті халықтың жасаған қолөнер бұйымдарын сату т.б.

Экологиялық туризм секторын бөліп қарастырудың екі жолы бар. Біріншісі — дәстүрлі, яғни жабайы табиғатқа саяхат жасау (мұнда табиғат пен дәстүрлі мәдениет арасындағы ара жікті ажырату қиын). Екіншісі — туризмнің тұрақты негізгі түрі ретінде қарастыру, бұл ең тиімді жағы болмақ. Себебі туризмнің бұл түрі тұрақты даму концепциясының негізгі принциптерін жүзеге асырады.

Экотуризмнен түскен пайданың бір бөлігінің табиғат қорларын қорғау мен қайта қалпына келтіруге жұмсалатынынан оның тұрақтылығын көруге болады. Жалпы Қазақстанның экотуризмді дамытуға қажетті ресурстық потенциалы (территория көлемі, табиғи жағдайлары, географиялық орны, табиғат зоналары, жер бедері, су қорлары, флорасы мен фаунасы т.б.) турлар географиясын кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер береді. Республикамызда ЕҚТА-дан басқа аса бағалы орындар мен нысандар көптеп кездеседі, әсіресе тарихи-этнографиялық орындар ерекше назар аудартады. Сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері бар мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті туризм индустриясын құру мүмкіндіктері зор. Олар:

- халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың аумақ арқылы өтуінің алғы шарты болып табылатын аймақтың тиімді геосаяси орны;
- елдің саяси тұрақтылығы, демократиялық өзгерістер мен экономикалық реформалардың жүргізілуі;
- экологиялық туризмді ұйымдастыруға қажетті табиғи ландшафтылардың флора мен фаунаның көптүрлілігі;
- экологиялық туризм нысандары болып табылатын мәдени-тарихи рекреациялық қорлардың алуан түрлілігі;
- бос еңбек ресурстарының болуы т.б.

Осы мүмкіндіктердің барлығы бола тұра Қазақстанда экотуризмді дамытуға байланысты туындайтын көптеген мәселелер бар. Олардың ішінде ерекше орын алатыны, әрине, туризмнің осы түрін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаның жетілмегендігі мен мемлекеттік қолдаудың мардымсыздығы. Туризмнің қазіргі жүйесі туристердің барлық сұраныстары мен қалауын қанағаттандыруға мүмкіндігі жеткіліксіз. Рекреациялық қорлардың молдығы күрделі материалдық базаны құруды талап етеді. Сонымен бірге экологиялық туризм мен туристік қызметтер нарығын дамытудағы ең маңызды әрі кешенді мәселе, ол — материалды-техникалық базаның жағдайы және оның потенциалдық сұраныс масштабтарына сәйкес келмеуі. Сол сияқты туристік сұраныстарды бәсекеге қабілетті деңгейде қамтамасыз ете алатын мамандардың жоқтығы мен бұл саладағы тәжірибенің аздығы. Әрине, еліміздің жоғары оқу орындарында атаулы сала бойынша мамандарды даярлау жүзеге асырылып жатыр, бірақ олар әлі тәжірибесіз, тек даярлық үстінде.

Туризмнің басқа салалары сияқты, экологиялық туризм де қонақ үйлерді, туристік базаларды, жолдарды, тамақтану орындарын салуға, жарнамалық іс-шараларға қажетті қаржылай салымдарға тәуелді. Бүгінде белгілі, экологиялық туризм дами алатын ЕҚТА қаржылық және материалдық көмекті қажет етеді. Ал, бюджеттен бөлінетін қаражат өте мардымсыз [2].

Елімізде экологиялық туризмді дамытудың ғылыми негізделген бағдарламасы, оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты шеңберінде орындалуын қарастыруы қажет. Экологиялық туризмді дамыту бағдарламасының орындалуының экономикалық тиімділігін анықтау, оның алдына аса күрделі міндеттерді қояды. Мәселенің күрделілігі, оның — әр түрлі деңгейдегі (республикалық, аймақтық) шаруашылық механизмінде табиғи қорлар мен табиғат жағдайларын пайдаланудағы тиімділіктерді көздеу жағдайларын қамтамасыз ету қарастырылмаған, экотуристік әрекеттердің экономикалық нәтижелерін есепке алу жоқ [3].

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында туризммен айналыса бастаған компаниялардың бүгінде қалғаны азын-аулақ, көбі басқа саламен айналысса, біразы мамандануын ауыстырған, дағдарыстар мен құлдырау кезеңдерін басынан кешірген. Осы мәселелердің жеткілікті деңгейде шешілмеу негізін-

де мемлекеттік қазынаға қомақты көлемде қаржы құятын туристер ағыны жоқ, ал сала болса әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған.

Қазақстандағы экологиялық туризм саласының әлсіз даму себептеріне келесілерді де жатқызуға болады:

- экологиялық туризмнің нормативті-құқықтық базасының дамымағандығы;
- экологиялық туризм нысандарының саны мен жағдайы туралы статистикалық есептердің жеткіліксіздігі;
- туристерге қызмет көрсету мен насихаттауды жүзеге асыратын арнайы даярланған мамандардың жеткіліксіздігі;
- экологиялық туризм нысандарының жол тораптарынан шалғай орналасуына байланысты көліктік қамтылуының жеткіліксіздігі;
- халықаралық экологиялық туризм ұйымдарымен қарым-қатынастардың аздығы т.б.

Қоршаған ортаның экотуризмге әсері мардымсыз болғанымен, аймақтың, облыстың, республиканың экологиялық жағдайы: атмосфераны, гидросфераны, литосфераны ластайтын өнеркәсіп кәсіпорындарының шоғырлануы, әсіресе Қазақстанның индустриалдық аймақтарында, өзіндік кері әсерін тигізуі мүмкін.

Тиісті ұйымдармен жүргізілген қоршаған ортаның жағдайы туралы талдау нәтижелері алдыңғы қатарда шешуді талап ететін негізгі экологиялық мәселелерді көрсетеді. Олар:

- су қорларының жеткіліксіздігі;
- жайылымдар мен шабындық жерлердің бұзылуы;
- урбандалған аймақтардағы атмосфералық ауаның ластануы;
- су нысандарының шайынды сулармен ластануы;
- қоршаған ортаның өндірістік қатты және тұрмыстық қалдықтармен ластануы;
- ормандар мен қорғалатын аумақтардың жеткіліксіздігі [4].

Қазақстанда туризм саласының даму болашағын қарастыру барысында, егерде туристік әрекеттер мемлекет тарапынан қабылданған белгілі бір стратегия және бағдарламаларсыз дамитын болса, онда интенсивті туризм қоршаған ортаға өзінің кері әсерін тигізетінін ескергеніміз жөн.

Экологиялық туризмнің, жалпы туризм саласының тиісті инфрақұрылымсыз дамуы мүмкін емес. Туристік әрекеттерді, ең алдымен, көрсету нысандары бар, көліктік қатынасқа қолайлы, коммуникациялық құрылыстар, материалды-техникалық базасымен қамтылу деңгейі жоғары және тамақтандыру базасын құруға мүмкіндіктері зор аймақтарда дамыту қажет. Экотуризмнің жақсы дамуы әлеуметтік құрылымдар мен институттардың болуымен тікелей байланысты. Оларға сәйкес министрліктер, жергілікті комитеттер мен департаменттер, қоғамдық және ғылыми ұйымдар жауапты. Аталған ұйымдар әр түрлі мәселелерді шешуге құқылы. Осы құрылымдарды жетілдіру — әлеуметтік капиталды өсіру кепілі.

Экотуризм белгілі бір көлемде экономикалық даму болашағына жол ашады. Туристік ағымдардың артуы әлемдік шаруашылықтың экономикалық интеграциясына өзіндік үлес қосады. Экотуризм — ғаламшарымыздың табиғи қорларын тиімді пайдалануға әсер етуші үрдіс. Дегенмен, бұл түрден жоғары табысқа қол жеткізу — тек еліміздің жергілікті қауымдастықтарының осы саланың даму жобасына белсенді қатысуымен жүреді. Басқа дәстүрлі салаларға қарағанда туризмнің осы саласы жергілікті қауымдастықтарды тартуымен сипатталады. Бұл жұмыс орындарын ашумен тікелей байланысты. Экотуристік жобаларды жүзеге асыруда халықты еңбек күші ретінде жұмысқа тарту — жергілікті экономиканың тұрақты дамуының қозғаушы күші. Осыларды негізге ала отырып, экотуризмнің дамуы жұмыспен қамтылу мәселесін шешуде өзіндік үлес қосады дей аламыз. Жергілікті халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуда да экотуризмнің рөлі бар. Туризм саласынан түскен табыстың белгілі бір бөлігін осы аймақта қалдырса, ол жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалар еді. Бүгінде негізгі мәселелерді тудырушы жергілікті халықтың экологиялық сауаттылығы, себебі аймақтың әсем туристік-рекреациялық нысандарына негізгі салмақ жергілікті халықтан түседі. Антропогендік ықпалдың әсері табиғи ландшафттардың бұзылуына әкеп соғады. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы — экологиялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу. Ол келесі аспектілерден тұрады:

1. Ақпараттық — аумақтың табиғаты мен мәдениеті, экологиялық заңдылықтар туралы т.б. білім алу.
2. Этикалық — экологиялық менталитетті, табиғат пен дәстүрлі мәдениетті құрмет тұтып, қорғауды т.б. қалыптастыру.

Экологиялық туризмді қалыптастырып, дамытудың негізгі ұстанымы — табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты сақтау — экотуризм индустриясының табиғи одақтастары. Осыған орай экологиялық туризм мен рекреациялық әрекетті ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) ұйымдастыру керек. ЕҚТА рекреациялық құрамдастары тек осы аумақтарда ғана табиғатты тиімді пайдаланудан табыс табу жолдарын көздейді. Әрине, аталмыш орындар біздің мемлекетімізде, салыстырмалы түрде, аз деп айтуға болады. Экотуризмді ұйымдастыру бойынша туризмнің осы саласы жоғары дәрежеде дамып отырған өзіміздің әріптестеріміз — Батыс Еуропа елдерінен үлгі алса да болғандай. Біздің өлшеміміз бойынша кішігірім, урбандалу деңгейі басым, халық тығыздығы аса жоғары аумақтарда табиғи ландшафттарды сақтап, елдің жасылдану деңгейін өсіріп, беткі суларды таза сақтап, экотуризмнің барынша дамуына үлес қосып отырған елдер тобын ерекше атауға болады. Экотуризмнің дамуында жергілікті дәстүрлер мен әлеуметтік-экономикалық факторлардың рөлі де зор.

Туризмнің дамуы, белгілі бір бөлігі табиғатты қорғау мен дәстүрлі мәдениетті қорғауға кететін табысты әкеледі. Табиғатты қорғау жергілікті жердегі мәдени-тарихи дәстүрлерді қорғауға әсерін тигізеді. Ал кей жағдайда осы дәстүрлердің өзі табиғат қорғау шараларын ұйымдастыруда пайдаланылады [4].



Сур. Макроденгейдегі экологиялық туризм кластері схемасы [5]

Экологиялық туризмді ұйымдастырудағы көптеген мәселелерді шешуде және оның табысты дамуы үшін экологиялық туризм кластерлерін құру қажет.

Туристік кластер туристік қызметтерді қалыптастырушы әр түрлі кәсіпорындардың арасындағы қарым-қатынастарды жүйелейді. Олар бір аймақта болуы мүмкін, бұл жағдайда негізгі мақсат аймақтық туризмнің тиімді жақтарын арттыруға негізделеді және кәсіпорын тобы координациялық ұйымдар арқылы байланыста болуы шартты. Басқа жағдайда кәсіпорындар әр аймақтарда орналасуы мүмкін, алайда белгілі бір қарым-қатынастар арқылы бірігеді, осы қатынастар арқылы олар бір-бірімен өздерінің қызметтері туралы ақпараттармен бөліседі, туристерді бір-біріне бағыттайды, жекелеген туризм салаларының дамуына әсер етеді.

Кластер қалыптасуының негізінде — салалар мен сатып алушылар, жеткізушілер мен ұқсас салалар арасында техникалық, технологиялық тұтыну бойынша ақпараттармен бөлісу жатыр. Кластердегі кәсіпорындардың өзара бәсекелестігі ақпарат алмасуға кері әсерін тигізуі мүмкін. Себебі әр кәсіпорын қажетті ақпаратты тек өзі ғана пайдаланғысы келеді т.с.с.

Ал экологиялық туризм кластеріне келетін болсақ, ол макродеңгейде қалыптасуы тиіс және оны реттеудегі негізгі міндет Туризм индустриясы комитеті мен Туризм және спорт министрлігіне жүктелуі тиіс. Осы Комитет деңгейінде экологиялық туризм кластерінің Координациялық орталығын құру қажет. Ол республика туризмінің барлық ресми өкілдерін басқарып, реттей алады. Облыстар бойынша мұнымен Кәсіпкерлік пен өндіріс департаменті айналыспақ. Экологиялық туризм кластерінің қалыптасуы елдің экономикалық және қоғамдық өмірінен тыс жүруі мүмкін емес, сондықтан, егер мәселе мемлекеттік деңгейде болса, республикалық координациялық орталық, туристік сала кәсіпорындары мен басқа министрліктер арасында байланыстырушы қызмет атқарады, ал мәселе аймақтық деңгейде болса, бұл қызметті облыстық әкімшіліктерде туризм саласының дамуына жауапты бөлімдер орындай алады. Экологиялық туризм кластері үлгісін жоғарыдағы суреттен көруге болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қойған туристік саланы жоғары табысты жүйеге айналдыру міндеті отандық осы өнім түрлерін әлемдік нарыққа шығара алу мүмкіндігіміздің негізінде орындалмақ, осы жағдайда ғана соңғы ғасырдағы ең негізгі экономикалық феномен ретіндегі туризм біздің мемлекетіміздің мүддесіне қызмет етуші ірі индустрияға айналмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Алиева Ж.Н. Экологический туризм: Учеб. пособие. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. — 100 с.
2. Экотуризм в Республике Казахстан // Экология и устойчивое развитие. — Астана, 2003. — № 10 — С. 35–38.
3. Никитинский Е. Развитие экотуризма: проблемы и пути решения // Экология и устойчивое развитие. — 2002. — № 10. — С. 31, 32.
4. Кнабик Т.Е. Некоторые аспекты формирования индустрии туризма в Республике Казахстан // Вестн. Ун-та «Кайнар». — 2006. — № 3. — С. 66–70.
5. Есмаханова А.У. Развитие туристской отрасли в Республике Казахстан: основные проблемы и перспективы: Автореф. — Алматы: Изд-во LEM, 2007. — 30 с.